



ДЕРБІСАЛЫ БАТЫР ҚОРЫ АШЫЛДЫ

Жалпақ жатқан қазақ елінің тағдыры таразыға түскен алмағайып заманда ақ найзаны қолға алып, жауына атой салған Дербісалы батырдың 300 жылдық мерейтойына орай, биыл 2007 жылы кесенесін көтеру мәселесін облыс көлеміндегі зиялы қауым, көпшілігі ұрпақтары, қолға алуды көздеп

отыр.

Абылай ханның қолбасшыларының бірі, ерлігі аңызға айналған, жекпе-жекте бір де бір дес бермеген Дербісалы батыр туралы ел арасында тарихи деректер, әңгімелер жетерлік. Керегесін кеңге жайған қазақ елінің іргелі мемлекет болып қалыптасуына өз заманында айта қаларлықтай үлес қосқан батыр-бағландарымыздың ерлік істері ұрпаққа ұран болып қала бермек.

ҚР ҰҒА ғылыми кітапханасының сирек қорында, Ресейдің Санкт-Петербург, Омбы қалаларының мұражайларында батыр жайлы мәліметтер бар екен. Осы материалдарды жинақтап, 1-2 жыл көлемінде кітап шығару жоспарланып отыр.

Дербісалы батыр - ісі қазаққа ортақ тұлға. Өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін осынау маңызды шараға бір кісідей ат салысу - әркімнің азаматтық парызы деп ойлаймыз.

«Игі істің басына, жақсы келер қасына» деген ғой, данышпан бабаларымыз.

Соған ұмтылайық ағайын!
Бабаға арналған қордың реквизиті:

**Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы
№179900 Қазақстан
Халықтық Банкі АҚ,
Жезқазған аумақтық филиалының
Шет құрылымдық бөлімшесі.
№179916
МФО 191601602
Есеп шоты 1003264954**

Ұйымдастыру алқасы

Анықтама алу үшін мына телефондарға хабарласуларыңыз сұралады:
21-5-31, 22-2-74, 21-1-22.

Заман.- 2007.- 26 сәуір (№17).-5 б.